



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ордасына келуге шақырды[3].

Келешекте, жүргізілген онлайн режимінде ұйымдастырған «Кәсіби бағдар» жұмысының нәтижесі: университеттің профессорлық оқытушылар құрамы үшін өте тиімді. Өйткені, олар мектептерге баруға уақыттарын жібермейді, сонымен қатар, тек кафедра емес, факультет емес тіпті университет бойынша қаншама ақпараттарды Астана қаласы мектептеріне аз уақытта тарқатуға мүмкіндік алады. Ал, мектептердің оқушылары үшін тіпті тиімді, өйткені, ҰБТ тапсыру үшін әрбір минутын үнемдеп шаршап жүрген оқушылар жарты ақ сағаттың ішінде *Еуразия ұлттық университеті* жөнінде қаншама ақпараттар алады.

Мұндай іс-шараны қолға алу, кеңінен енгізу – кез келген білім беру мекемелеріне өте тиімді болмақ!!!

Зерттеу жұмысының нәтижесі: кәсіби бағдар беру жөніндегі барлық мағлұматтар жинақталып, база құрылады және осы база негізінде университеттің кәсіби бағдар беру бағытындағы жұмыстар автоматтандырылады. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жүргізілетін кәсіби бағдар жұмыстарының тиімді жақтарын келешекте, жоғары оқу орындарының білім сапасын арттыру мен кәсіпті өз бетінше, саналы түрде таңдай білу мақсатында – еліміздің жоғары оқу орындарына ұсынуға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа кезең-Жаңа экономика» лекциясы.Қ.Р. Президентінің ресми сайты
2. ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. –Қазан, 2004.
3. Байғожанова Д.С., Ульман М., Байғожанов А.М., Меңғалиев Д.М. Жоғары оқу орындарында кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру әдістері. WnioeuropejskieCzasopismoNaukome (East European Scientific Journal), Warszawa, Poland, 2015, № 3, – 11-18 p.

ӘОЖ 371.13:004(574)

ЖҮЙЕЛІК РЕЕСТРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мошқалов Мейірбек Басқарбекұлы

moshkalov94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Ақпараттық технологиялар факультеті,

Информатика кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Т. Шындалиев

Реестрде Windows-тың қалыпты жұмыс істеуі үшін мәліметтер сақталады. Оларға қолданушылардың барлық профильдері жатады. Әрбір бағдарламада құрылуы әбден мүмкін бағдарламалық қамтамасыз ету және файлдардың типтері жайлы мәліметтер болады. Папкалардың ақпараттық құрылымы мен бағдарламалардың белгілері, сондай-ақ құрылғылардың құрылуы мен порттардың пайдалануы туралы мәліметтер жатады.

Жүйелік реестр Windows 3.x және MS-DOS (мысалы, Autoexec.bat и Config.sys) та қолданылған мәтіндік ini-файлдардың көпшілігін алмастырады. Windows-тың әртүрлі операциялық жүйелерінде реестрдің белгілі бір нұсқаларында айырмашылықтар бар.

Операциялық жүйені іске қосу барысында реестрге мыңдаған өтініштер жүргізілсе, ал ДК жұмыс уақытында бір сенастың ішінде – 10 мыңға жуық өтініштер жүргізіледі. Реестрдің бөлек бөлшектері жұмыстың барлық сеансы аралығында ДК-ның операциялық жүйесінде сақталады.

Реестрге (Реестрден) ақпаратты жазу (санау) үнемі жүргізіліп отырады: мысалы, егер де біз қандай да бір бағдарламаны орнатсақ, бұл бағдарламаның барлық ақпараты, іске қосылуы мен жұмыс істеуі реестрге жазылады. Егер біз жаңа құрылғыны орнататын болсақ,

реестрде оның драйвері қай жерде орналасқандығы және т.б. белгіленіп тұрады. Егер де біз қандай да бір бағдарлама мен құрылғыны жүргізсек, онда реестрден бағдарламының (құрылғы) іске асуы үшін барлық ақпараты саналады[1].

Реестрді Windows-тың жазба кітапшасы ретінде қарастыруға болады. Жүйеге қандай да бір ақпарат қажет болған жағдайды, ол оны реестрден іздейді. Реестр өте ауқымды сондықтан оған бір мәнді анықтама беру мүмкін емес. Нақтылай, Реестр – иерархиялық мәліметтер базасында маңызды орнатулар мен бағдарламалардың ақпараты жайлы, жүйелік операциялары мен қолданушылардың конфигурациясын қамтитын компьютердің операциялық жүйесінің құрамы болып табылады.

Реестр келесідей негізгі қызметтерді жүзеге асырады:

Барлық жүйелік құралдарды және олардың орнатылуын қадағалайды. Соның ішінде, сұрақтарды үзу (IRQ) және жадының тікелей қол жеткізілуі үшін арналардың нөмірі (DMA) сияқты ресурстарды қамтиды.

Бағдарламалардың жұмыс істеуі үшін мәліметтердің базасы ретінде жұмыс істейді.

Құралдардың жабдықталуы үшін драйверлердің қажетті болуын тексереді. Операциялық жүйенің диспетчерлік конфигурациясы (Configuration manager) жаңа шеткі құрылғыны орнату барысында құрылғының конфигурациялық мәліметін реестрге орналастырады.

Барлық бағдарламалардың жұмыс істеуі үшін қажетті жүйелік қызметті ұсынады.

Тышқан батырмасын басқан кезде қажетті бағдарламаның іске қосуын қамтамасыз етеді.

Жүйелік заңдарға және қолданушылардың профилі мен әкімшілік ету құралдарына қатысты ақпаратты сақтайды.

Реестр – бұл статикалық мәліметтер базасы емес, ол үнемі жұмыс істеп, жаңартылып отырады. Кез келген бағдарламаны іске қосу барысында реестрге көптеген өтініш жүргізіледі. Компьютерді іске қосқанда одан да көп өтініштер жүргізіледі[2].

Бағдарламаларды іске қосуға тиым салу. Сіз қосымшалардың «қара» тізімін құра аласыз. Бұл тізімдегі қосымшаларды пайдаланушы іске қоса алмайды. Ол үшін келесі әрекетті орындаңыз:

HKCU\Software\Microsoft\Windows\CurrentVersion\Policies\Explorer\DisallowRun бөлімін құрыңыз.

Бұл бөлімнің параметрлері келесідей құрылады:

параметр аты: N

типі REG_SZ

мәні: «бағдарламаның ехе-файлының аты»,

мұнда N- параметрдің реттік нөмірі.

Нұсқаулық қатарды іске қосуға тиым салу. Нұсқаулық қатарды іске қосуға тиым салу үшін келесі әрекетті орындаңыз:

1. HKCU\Software\Policies\Microsoft\Windows\System бөліміне өтіңіз.

2. REG_DWORD типті DisableCMD параметрін құрыңыз.

Бұл параметр ие болуы мүмкін мәндер:

0 – нұсқаулық қатарды қолдануға рұқсат беру;

1 – нұсқаулық қатарды қолдануға тиым салу;

2 - нұсқаулық файлдарды іске қосуға рұқсат беру.

Дискіні жасырып қою. Сіз өзіңіздің мәліметтеріңіз сақталған дискіні басқа пайдаланушылар көрмесін десеңіз оны реестр көмегімен жасырып қоюға болады. Ол үшін реестрде REG_DWORD типті NoDrives параметрі қолданылады. Яғни Іске қосу-Орындау нұсқауын орындап, ашылған терезеге regedit нұсқауын енгізіңіз. Экранға реестр редакторы терезесі ашылады. Енді осы редактор терезесінен HKCU\Software\Microsoft\ CurrentVersion \Polisies\Explorer бөлімін таңдап, аталған бөлімде REG_DWORD типті NoDrives параметрін құрыңыз. Параметр мәні ретінде кесте-1-де берілген дискіге сәйкес мәнді енгіземіз. Мысалы, D дискісін жасыру үшін параметр мәні ретінде 8-ді енгіземіз.

Кесте-1. Дискілер нөмірлері

Диск	Нөмір	Диск	Нөмір
A	1	B	2
C	4	D	8
E	16	F	32
G	64	H	128
I	256	J	512
K	1024	L	2048
M	4096	N	8192
O	16384	P	32768
Q	65536	R	131072
S	262144	T	524288
U	1048576	V	2097152
W	4194304	X	4194304
Y	16777216	Z	33554432

Егер сізге бірнеше дискіні жасырып қою қажет болса, NoDrives параметрінің мәні ретінде қажетті дискілердің кестеге сай мәндерінің қосындысын жазамыз (4+8=12, C және D дискілерін жасыру). Дискілердің нөмірлері 2-нің дәрежелерінен алынған және ол 0-ден басталады: 1-ші диск $2^0=1$, 2-ші диск $2^1=2$ және т.с.с. жалғаса береді. Жұмыс нәтижесінде сіз таңдаған диск көрінбей қалады, бірақ оны қалаған кезіңізде ашып алуыңызға болады, ол үшін Сілтеуішті қолдана аласыз, диск атын енгізетін жерге өзіңізге қажетті дискінің атын енгізсеніз болғаны (D:\). Алайда мұндай жасырып қоюды кейбір пайдаланушылар біліп қоюы мүмкін, ондай жағдайда дискіге қатынауға шек қоюға болады[3].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Куприянова А.В. РЕЕСТР WINDOWS XP: Настройки, трюки, секреты. Настольная книга пользователя / Под.ред. М.В. Финкова. Серия «Просто осложном». – СПб.: Наука и Техника, 2013. – 192с., ил.
2. М.Серік, Н.Т. Шындалиев, Ж.Е. Зулпыхар Компьютер архитектурасы және жүйені әкімшіліктендіру. Оқу құралы. –Астана, «Мастер ПО»2015, -350б.
Ботт Э., Зихерт К. Эффективная работа: Windows XP – СПб.: Питер, 2014. – 1069с.: ил.

ӘОЖ 004.896

MINDSTORMS EV3 БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУҒА СИПАТТАМА

Мухтарова Айша Жомартовна

aisha-m91@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Информатика кафедрасының магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - п.ғ.к., доцент Альжанов Айтуған Кайржанович

Роботтарды құрастыру-бұл қызықты жұмыс, бірақта робототехникада ең маңыздысы роботтарды қозғалту және тапсырмаларды орындау болып табылады. Lego Mindstorms EV3 пиктограммаға негізделген қарапайым, интуитивті бағдарламалық интерфейс болып табылады.

Mindstorms EV3-орыс тілді бағдарламалық қамсыздандыруды қолдануға болатын робот Mindstorms-тың жаңа нұсқасы. Mindstorms-тың жаңа жүйесі EV3 платформасында жұмыс жасайды. Комплектке адамның соңынан жүретіндей етіп бағдарламалауға болатын жаңа инфрақызыл қабылдағыш кіреді. Mindstorms EV3 Linux ОЖ базасында негізделеді.